

SKILL TEST-ТЕН ҚАЛАЙ ӨТУ КЕРЕК

Skill Test - куәлік алу немесе біліктілік белгісін енгізу үшін практикалық дағдыларды тексеру. Практикалық даярлықты аяқтаған және теориялық білімді бағалаудан сәтті өткен үміткер тексеруге жіберіледі.

Тексеруге дейін - Практикалық даярлықты аяқтаңыз; жаттығу тапсырмаларына нұсқаушы қол қоюға тиіс. - Ұшу кітапшасын және талап етілетін тәжірибені растайтын құжаттарды дайындаңыз. - Теориялық білімді бағалаудан сәтті өтіп, тиісті сертификатты алыңыз.	Емтихан алушыны қайдан табуға болады - ҚАӘ сайтында: «Емтихан қызметі басқармасы → Әуе кемелерінің ұшу экипажының мүшелері». - Тізімде емтихан алушының Т.А.Ә., өкілеттіктері, қолданылу мерзімі, біліктілік белгілері / ӘК типі және e-mail көрсетілген.
---	--

Іс-қимыл тәртібі

1	Тағайындалған емтихан алушымен байланысыңыз Өкілеттіктері сіздің ӘК санатына/типіне және Skill Test мақсатына сәйкес келетін емтихан алушыны таңдап, онымен e-mail арқылы байланысыңыз.		
2	Өтініш беріңіз № 517 Қағидаларда өтініш еркін нысанда беріледі; міндетті үлгі жоқ. Т.А.Ә., байланыс деректерін, тексеру мақсатын, куәлік/біліктілік белгісінің түрін, ӘК санатын/типін және қалаған кезеңді көрсету ұсынылады.		
3	Күні мен орнын келісіңіз Емтихан алушы күнін, уақытын және орнын айқындайды. Тексеру қолданылатын біліктілікке қарай әуе кемесінде немесе FSTD-да жүргізіледі.		
4	Брифингтен және Skill Test-тен өтіңіз Емтихан алушы тәртіп пен бағалау критерийлерін түсіндіреді; тексеруді бір емтихан алушы жүргізеді. Көзделген жағдайда ауызша сұрақтар қойылуы мүмкін.		
5	Нәтиже мен актіні алыңыз Қорытындысы бойынша біліктілік деңгейін тексеру актісі ресімделеді. Куәлік беруге өтініш беру үшін № 750 бұйрықтың 4 / 5 / 6-қосымшалары қолданылады.		
Тағайындалған емтихан алушы Skill Test өткізеді	1 жыл нәтиже жарамды	180 күн Skill Test өткен күннен куәлік беруге өтініш берген күнге дейінгі мерзім	3 сәтсіз әрекет үшінші әрекеттен кейін - қайта Skill Test алдында АОО-да даярлық

Тексеруден кейін нені білу маңызды

Skill Test өтпеген жағдайда	Қайта практикалық тексеру теорияны қайта тапсырмай жүргізіледі. 3 сәтсіз әрекеттен кейін келесі тексеруге дейін АОО-да даярлық қажет.
Нәтижемен келіспесеңіз	Апелляция № 517 Қағидалардың 14-қосымшасы нысанымен ҚАӘ-ге 3 жұмыс күні ішінде беріледі; комиссия 15 жұмыс күні ішінде қарайды, шешімнен үзінді хаттама тіркелгеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде беріледі.
Өз куәлігіңізге қойылатын талаптарды қайдан көруге болады	ҚАӘ сайты: «Авиациялық персоналды лицензиялау → Куәліктерді беру → PPL / CPL / MPL / ATPL». Нормативтік база: № 517, № 750, № 362, № 764 бұйрықтар.